«Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Медициналық және
фармацевтикалық
комитеті» РММ төрағасының
20___ ж. «____» _________
№ _____ бұйрығымен
**БЕКІТІЛГЕН**

**Дәрілік препаратты медициналық қолдану**
**жөніндегі нұсқаулық (Қосымша парақ)**

**Саудалық атауы**
Фурасол

**Халықаралық патенттелмеген атауы**
Жоқ

**Дәрілік түрі, дозалануы**
Жергілікті және сыртқа қолдану үшін ерітінді дайындауға арналған ұнтақ, 100 мг

**Фармакотерапиялық тобы**
Дерматология. Антисептиктер және дезинфекциялайтын заттар. Нитрофуран туындылары.
АТХ коды: D08AF

**Қолданылуы**
- ауыз қуысы мен тамақтың қабынуы
- инфекция жұқтырған жаралар
- күйіктер
- іріңді қабынулар

**Қолдануды бастағанға дейін қажетті мәліметтер тізбесі**
***Қолдануға болмайтын жағдайлар***
- калий фуразидиніне немесе нитрофуран қатарындағы препараттарға жоғары сезімталдық
- аллергиялық дерматит
- жүктілік және лактация кезеңі
- 4 жасқа дейінгі балалар

Шешімі: N041731
Шешім тіркелген күні: 12.08.2021
Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса): Байсеркин Б. С.
(Тауарлар мен көрсетілген қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті)
Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең

***Басқа дәрілік препараттармен өзара әрекеттесуі***

Антибиотиктердің әсерін күшейтеді. Емдеу кезінде теріде аллергиялық реакциялардың даму ықтималдығы алкоголь ішімдіктерін қолданған жағдайда артады.

***Арнайы ескертулер***

Жекелеген жағдайларда аллергиялық реакциялар дамуы мүмкін. Мұндай жағдайда препаратты қолдануды тоқтату және дәрігерге жүгіну керек.

Ерітіндіні тікелей қолданар алдында дайындайды.

Дайындалған ерітіндіні сақтауға болмайды.

*Педиатрияда қолдану*

4 жастан кіші балаларға ауыз қуысы мен тамақты шаю үшін қолдануға болмайды, өйткені бала ауыз қуысы мен тамағын әлі де өзі шая алмайды.

*Жүктілік немесе лактация кезінде*

Қолдануға болмайды. Жүктілік және бала емізу кезінде дәрілік затты қолдану туралы жақсы бақыланатын клиникалық зерттеулер туралы деректер жоқ.

*Препараттың көлік құралын немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері*

Препарат көлік құралын немесе ықтималдығы зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер етпейді.

**Қолдану жөніндегі нұсқаулар**

***Дозалау режимі***

*Ауыз қуысы мен тамақтың қабынуы*

Пакеттің ішіндегісін стақандағы (200 мл) ыстық қайнаған суда ерітеді. Жылы ерітінді күніне 2-3 рет ауыз қуысы мен тамақты шаю үшін пайдаланады.

*Инфекция жұқтырған жаралар, күйіктер, іріңді қабынулар*

Пакеттің ішіндегісін стақандағы (200 мл) ыстық қайнаған суда немесе дистилденген суда ерітеді. Жылы ерітіндіні күніне 1-2 рет инфекция жұқтырған жараларды, күйіктерді, іріңді қабынуды өңдеу үшін пайдаланады.

***Енгізу әдісі мен жолы***

Ерітіндіні тікелей қолданар алдында дайындайды. Дайындалған ерітіндіні сақтауға болмайды!

***Артық дозаланған жағдайда қабылдануы тиіс шаралар***

Артық дозалануы анықталған жоқ.

**ДП стандартты қолданған кезде байқалатын жағымсыз реакциялардың сипаттамасы және осы жағдайда қабылдауға тиісті шаралар**

Фурасол басқа дәрілік заттар сияқты, жағымсыз әсерлер туындауы мүмкін. Фурасол ерітіндісі жекелеген жағдайларда аллергиялық реакцияларға әкелуі мүмкін. Мұндай жағдайларда препаратты қолдануды дереу тоқтатып, антигистаминді препараттарды, кальций хлоридін және Б тобындағы дәрумендерді қолдануды бастау керек.

**Жағымсыз дәрілік реакциялар туындаған кезде медицина қызметкеріне, фармацевтика қызметкеріне немесе дәрілік препараттардың тиімсіздігі туралы хабарламаны қоса, дәрілік препараттарға жағымсыз реакциялар (әсерлер) бойынша ақпараттық деректер базасына тікелей жүгіну қажет**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК
http://www.ndda.kz

**Қосымша мәліметтер**

***Дәрілік препараттың құрамы***

Бір пакеттің ішінде

*белсенді зат-* 100,0 мг калий фуразидині
(87,4 мг фуразидинге баламалы),

*қосымша зат:* 900,0 мг натрий хлориді

***Сыртқы түрінің, иісінің, дәмінің сипаттамасы***

Қызғылт сары-қоңыр түсті ірі ұнтақ.

**Шығарылу түрі және қаптамасы**

1 г ұнтақты ламинаттан жасалған пакеттерге салады.

Ламинаттан жасалған 5 немесе 15 пакеттен медициналық қолдану жөніндегі қазақ және орыс тілдеріндегі нұсқаулығымен бірге картон қорапшаға салынады.

**Сақтау мерзімі**

5 жыл.

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

***Сақтау шарттары***

Шешімі: N041731
Шешім тіркелген күні: 12.08.2021
Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса): Байсеркин Б. С.
(Тауарлар мен көрсетілген қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті)
Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең

Жарық пен ылғалдан қорғалған жерде, 25°С-ден аспайтын температурада сақтау керек.
Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

**Дәріханалардан босатылу шарттары**
Рецептісіз.

**Өндіруші туралы мәліметтер**
«Олайнфарм» АҚ
Рупница к. 5, Олайне, LV-2114, Латвия
Тел.: +371 67013705, факс: +371 67013777
E-mail: olainfarm@olainfarm.com

**Тіркеу куәлігінің ұстаушысы**
«Олайнфарм» АҚ
Рупница к. 5, Олайне, LV-2114, Латвия
Тел.: +371 67013705, факс: +371 67013777
E-mail: olainfarm@olainfarm.com

**Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан дәрілік заттардың сапасына қатысты шағымдарды (ұсыныстарды) қабылдайтын және дәрілік заттың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйымның атауы, мекенжайы және байланыс деректері (телефон, факс, электронды пошта)**
«Олайнфарм» АҚ өкілдігі
050009 Алматы қ., Абай даңғ. 151/115, 807 кеңсе
Телефон / факс +7 727 333 46 52
E-mail olainfarm.instr@mail.ru

Шешімі: N041731
Шешім тіркелген күні: 12.08.2021
Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса): Байсеркин Б. С.
(Тауарлар мен көрсетілген қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті)
Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең

Шешімі: N041731
Шешім тіркелген күні: 12.08.2021
Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса): Байсеркин Б. С.
(Тауарлар мен көрсетілген қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті)
Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең